

№3 педагогикалық кеңесінің тақырыбы:

«Білім берудегі сапа мәдениеті: педагог шеберлігі, мектеп стратегиясы және дарынды балалармен жұмыс» аттестатталатын педагогтердің тәжірибе алаңы

Күн тәртібінде:

1. №2 педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы, мектеп директоры - Курмашева А.Н.
2. I жарты жылдық бойынша білім сапасының талдауы, директор орынбасары - Мухаметжанова К.А.
3. **Тәжірибе алаңы:** «Менің кәсіби жетілу жолым: тәжірибе, ізденіс, нәтиже» (аттестатталатын педагогтердің презентациялары).

Пән мұғалімдері: Сағатай А.А., Караманова Г.М., Назибек М.Е. Айдарханов А.Н.

4. «ДосболLIKE» білім алушылар арасында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы аясында әлеуметтік - психологиялық қызметінің жұмысы, директор орынбасары Кайржанова М.Н., әлеуметтік педагог Сундық А.М.
5. «Ұстаз» платформасына аттестаттаудан өтетін педагогтердің құжаттарын жүктеу деңгейі, портфолио дайындығы, директор орынбасары - Торсунова Б.Р.
6. Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқалы құндылықтарды дәріптеу, кәсіби бағдар беруші педагог - Нұрташ А.Б

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша №2 педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы жөнінде мектеп директоры Курмашева Анаргүль Назымбековна ақпарат берді. 1-шешімнің бақылауын жалғастырылғаны ұсынылады: Білім сапасы төмен пәндер мен оқушылар бақылауға алынып, директор орынбасарлары, сынып жетекшілері сабаққа қатысты. Сабаққа қатысу барысында оқушылардың сабаққа дайындалуын, белсенділігі назарға алынды. Сонымен қатар, оқушылардың үй тапсырмасын орындалуы мен өзіндік дайындалуы қадағаланды. Өзіндік дайындалуда жазбаша үй тапсырмалары орындалатыны байқалды, ал ауызша дайындалуға көңіл аздау бөлінетіні анықталды.

2-шешім орындалды: I- тоқсанды бір «3» бағамен 21 оқушы аяқтады, оның ішінде: ағылшын тілі пәнінен – 4 оқушы, қазақ тілінен - 2, қазақ әдебиетінен -1, алгебрадан -3, биологиядан -8, физикадан -2 оқушы.

21 оқушының 11-і екінші тоқсанды «үштіксіз» бітірді. Бұл 7а, 8а, 8Б және 10 сыныптарынан оқушылары.

10 оқушы екінші тоқсанды бір үштікпен бітірді, оның ішінде: 7 Ә Сабыр Хадиша - орыс тілі пәнінен, Хамидулла Ернар - ағылшын тілінен.

8 Ә сыныпта 4 оқушыда бір «3» болған, 1 оқушы Алғадай Мадина түзеді, екінші тоқсанның қорытындысы бойынша Есенжол Айша және Мұратбек Заңғар биологиядан бір «3» алды, ал Ғабделғазиз Асхат үш пән бойынша «3» бағаны алды. (Қазақстан тарихы, Дүниежүзілік физика тарихы).

9 А сыныбында 2 оқушы Талғат Бейбарыс, Хамидуллина Акнұр биология пәнінен бір «3» болса, II тоқсанда - ағылшын тілі мен физика пәндерінен.

9 Ә сыныбында Абсалям Алдияр алгебра бойынша тағы «3» шықты. 2-тоқсанда 1-тоқсанда игере алмаған тақырыптары бойынша қосымша сабақ жүргізіліп, күнделікті сабақта тапсырмалар орындады. 2-тоқсанның қорытындысы бойынша тоқсандық бағасы: «4».

9Б сыныбында 2 оқушы Қадырбекова Дария мен Қарқын Дархан алгебра және ағылшын тілінен «3» түзете алмады.

9 «Б» сыныбында 1-тоқсанның қорытындысы бойынша 6 оқушы «3»-ке шықты. (Алданышұлы Ердінұр, Зенда Исламали, Кадирбекова Дария, Қасым Нұрайлым, Қуанышұлы Бекет, Сандібек Назерке). Каникул кезінде қосымша тапсырма берілді. Күнделікті сабақта тақтаға шығып, жеке тапсырмалар орындады. 2-тоқсанда Сандібек Назерке «4»-ке шықты, қалған оқушылар «3»-ке шықты. Осы оқушылардың сабаққа деген ынтасы орташа. Каникулда орындауға жеке тапсырма берілді.

3-шешім бойынша: I-тоқсанда 26 оқушы 3 және одан да көп пәннен «3» баға алған. Ата-аналармен пән педагогтері мен сынып жетекшілері өткізілген жеке жұмыс нәтижесінде 12 оқушылар II-тоқсанды екпінді болып бітірді. Әлі де 8 Ә және 9 Б сыныптарында тоқсан нәтиже бойынша 3 және оданда көп пәннен «3» бағамен оқитын оқушылар аз емес. 8 Ә сыныпта 4 оқушы, 9 Б-да- 9 оқушыдан 4-і екпінділер қатарына енді, әлі 5 оқушы «3» оқиды.

Ұсыныс: 2-тоқсан қорытындысы бойынша үш пәннен «3» бағасы бар оқушыларға және ата-аналарына ескерту берілсін.

6, 8 шешімдер бойынша: «Көшбасшылар мектебі», «Бір үйдің баласындай» жобалары бойынша жұмыс жүргізілуде. 7 сыныптармен «Біз біргеміз» тренингі, 8 сыныптармен «Біз мейірімді балалармыз» тренинг өткізілді, ҰБТ алдын психология тұрғыда дайындау) 11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді.

«Research Talks: жас зерттеушілердің TEDx стиліндегі ой алаңы» жобасы;

«Жетістікке жол» оқушыларды пәндік олимпиадаға жүйелі дайындау бағдарламасы,

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы (Ислам Т)

«Абайдың ізімен» жобасы (.....)

«Абай тағылымы» әдеби-танымдық клубы (Мақсат Б)

«Advanced English Speaking Club» жобасы бойынша жұмыс жүргізілмеді. 2026 жылдың 12 қаңтарына дейін әр жобаның 3-5 жылдық даму жоспары жасалынып, жоспардың орындалуын мониторингі жүргізілсін. Жауаптылар – жоба жетекшілері Торсунова Б.Р., Кайржанова М.Н., Маженова А.А., Оңғарбай Ж., Рысмагамбетова А.М., Темірбек И.Т., Болатов М.Б., Мухамеджанов И.Т.

7 шешім орындалды: 1-і жартыжылдық бойынша оқушылардың байқаулар мен олимпиадалардағы нәтижелері қанағаттанарлық деп есептелінсін. Алдағы уақытта олимпиадалар мен байқауларға мақсатты дайындап, республикалық деңгейге шығарылсын. Олимпиадалық резерв кестесіне сай дайындық күшейтіліп жүргізілуде.

10 шешімнің бақылауын жалғастырылғаны ұсынылады: Білім беру процесінде цифрлық құзыреттілікті дамыту, педагогтердің кәсіби тәжірибесін жетілдіру және «Адал азамат» жалпыұлттық құндылықтарын білім беру мазмұнына енгізу мақсатында «Digital Skills Lab» бағыты бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Болатов Б.Ж. мұғалімдерге Canva арқылы визуалды презентациялар мен оқу материалдарын дайындауды көрсетті (қыркүйек).

Сағатай А.А. Magicschool пен Bamboozle платформаларын пайдаланып интерактивті тапсырмалар құрастыруды, сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру жолдарын таныстыруды жоспарланды. (қаңтар).

Аталған бағыттағы жұмыстарды жүйелеу мақсатында өткізу жоспар әзірленіп, оның аясында тәжірибе алмасу және шеберлік сынып форматындағы іс-шараларды өткізу бастамасы көтерілді.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі жөнінде директордың орынбасары Мухаметжанова К.А. I жарты жылдықтағы білім сапасының қорытындысы бойынша талдау жасады. Талдау барысында білім алушылардың үлгерімі, білім сапасының пайыздық көрсеткіштері, пәндер бойынша оқу жетістіктері қарастырылды. Жекелеген пәндер бойынша білім сапасының төмендеу себептері талданып, негізгі факторлар ретінде оқушылардың оқу мотивациясының төмендігі, білімдегі олқылықтар және жеке пәндер бойынша қосымша жұмыс қажеттілігі атап өтілді. Сонымен қатар, білім сапасын арттыру мақсатында үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу, қосымша сабақтар ұйымдастыру, пән мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету жөнінде ұсыныстар берілді. Әр сыныптың I тоқсандағы білім сапасымен II тоқсандағы білім сапасы салыстырылды.

Сыныптар	Сыныптың білім сапасы	Пән бойынша білім сапасы
7 А	58 %	94,1%
7 Ә	76,5 %	96,8%
8 А	100 %	100 %
8 Ә	66,7%	88,9 %
8 Б	94,4 %	97,4%
9 А	75 %	98,3%
9 Ә	93,8 %	99,1%
9 Б	55,6 %	82,9%
10 А	94,1%	99,2%
10 Ә	94,4%	99,2%
11А	100%	100%
11 Ә	100%	99,6%

Сондай-ақ 207 оқушының 2 оқу тоқсанында 132 оқушы екпінді болып аяқтаса, 34 оқушы үздік нәтижемен тәмамдады. I жартыжылдық бойынша білім сапасына жүргізілген талдау нәтижелері оқу үдерісінің жалпы жағдайын анықтауға мүмкіндік берді. Талдау барысында пәндер мен сыныптар бойынша білім сапасының деңгейі салыстырылып, оң динамика көрсеткен бағыттармен қатар, қосымша назар аударуды қажет ететін мәселелер айқындалды. Білім алушылардың оқу жетістіктеріне әсер ететін факторлар анықталып, білім сапасын арттыру мақсатында жүйелі және мақсатты жұмыстар жүргізу қажеттігі атап өтілді. Анықталған олқылықтарды жою, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту және педагогтердің әдістемелік әлеуетін арттыру арқылы II жартыжылдықта білім сапасын жақсартуға бағытталған нақты шаралар қабылдау ұсынылды. Сыныптардың білім сапасы мен пән бойынша білім нәтижелері туралы қосымша ақпараттар хаттаманың соңына қосымша тіркелді.

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша аталған тәжірибе алаңы аясында аттестатталатын педагогтердің кәсіби дамуы, педагогикалық тәжірибесі, шығармашылық ізденісі және қол жеткізген нәтижелері ұсынылды. Пән мұғалімдері **Сағатай А.А., Караманова Г.М., Назибек М.Е., Айдарханов А.Н.** өздерінің кәсіби жетілу жолы бойынша дайындалған презентацияларын таныстырып шықты. Таныстырылым барысында заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибесі, сабақ үдерісіндегі тиімді жұмыс түрлері, білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыру бағытындағы нәтижелер көрсетілді. Ұсынылған материалдар педагогтердің кәсіби шеберлігінің өсуін, үздіксіз ізденіс пен тәжірибенің нақты нәтижеге бағытталғанын айқындады.

Сағатай Айдана Асқарқызы өзінің кәсіби жетілу жолы бойынша төмендегідей ақпараттар ұсынды.

514 бұйрықта педагогтерге арналған келесі конкурстар бар.

Осы конкурстарға қатысу барысында түсінгенім: кәсіби конкурстар мұғалімнен тек пәндік біліктілікті ғана емес, креативтілікті, шығармашылықты талап етеді. Ал креативтілік деген не? Идеяны қайдан алуға болады?

Көбінесе креативтілік талант немесе туа біткен қабілет ретінде қате қабылданады. Шын мәнінде, шығармашылық — бұл педагогикалық біліктілік сияқты дамытуға болатын кәсіби шеберлік.

Мұғалім идеяларды қайдан алады?

Бірінші дереккөз-оқушылардың өздері.

Олардың сұрақтары, қателіктері, қызығушылықтары — дайын сабақ сценарийлері. Егер оқушы: "ал мен мұны өмірде не үшін жасаймын?" деген сұрақ қойса, бұл қиындық емес, бұл тақырыпты креативті түрде өзгертуге арналған кеңес.

Екінші дереккөз-пәнаралық байланыстар. Пән өз шекарасынан асып кеткенде, ол жанданады. Химия және ағылшын, математика және өнер, тарих және география-пәндердің тоғысында ең күшті идеялар пайда болады. Бұл CLIL, жобалық және ғылыми оқытудың негізі.

Үшінші дереккөз-сандық құралдар мен AI. Бүгінде мұғалім бәрін нөлден ойлап табуға міндетті емес. Жасанды интеллект:

тапсырма идеяларын ұсыну;

материалды сынып деңгейіне бейімдеу;

күрделі тақырыптарды елестетуге көмектесу.

Түсіну маңызды: AI мұғалімді алмастырмайды, ол оның мүмкіндіктерін кеңейтеді. Шығармашылық адамда қалады.

Төртінші дереккөз — мұғалімнің жеке тәжірибесі. Фильмдер, кітаптар, саяхаттар, өмірлік жағдайлар-мұның бәрін білім беру контекстіне айналдыруға болады.

Өзім бір аптадан кейін Алматы қаласына Республикалық ПИФ конкурсына дайындаған жобамды таныстырғым келіп отыр. Сіздерден кері байланыс күтемін.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі үлкен өзгерістер кезеңінде. Ақпарат көлемінің артуы, оқушылардың қызығушылықтарының өзгеруі, жаңа технологиялардың дамуы — мұғалімнен дәстүрлі сабақпен шектелмей, оқытуға жаңа көзқарас қажет екенін көрсетеді.

К.Д. Ушинский айтқандай, мұғалім өз тәжірибесін үнемі жаңартып отырғанда ғана сабақ шынымен тартымды, нәтижелі әрі мәнді болады. Осы ой менің жұмысымның негізіне айналды.

Химия атомдар мен молекулалардың қозғалысын зерттейтін ғылым, ал мен сабақта оқушыларды қалай қозғалтуға болатыны туралы айтатын боламын.

Неге мен ойын технологиясын таңдадым?

Химия — күрделі, абстрактілі ұғымдары көп пән. Терминдер, формулалар, реакциялар оқушыларға кейде түсініксіз көрінеді. Бірақ химияны қызық етіп көрсетуге болады. Ойын технологиясы дәл осы мақсатқа қызмет етеді.

Химия сабағында ойын элементтерін енгізгенде, мен мазмұнды өзгертпеймін - мен оқушылармен өзара әрекеттесу форматын өзгертемін.

Оқушылар тыңдаушы емес, қатысушы болады, орындаушылар емес, кішкентай ғылыми шытырман оқиғаның кейіпкерлеріне айналады. Өзінің авторлық үстел ойынының жалпы мақсаты, ойын құрамы және ойынның жүзеге асырылу барысымен таныстырды.

Авторлық үстел ойыным: «Science in Motion»

Бұл — 7–11 сынып оқушыларына арналған, химияның негізгі тақырыптарын жүйелейтін және оқушыны белсенді әрекетке тартатын оқыту ойыны.

Ойынның мақсаты: оқушылар әртүрлі категориядағы тапсырмаларды орындап, балл жинайды. Ойынның соңында мәреге ең бірінші келген және ең жоғары балл жинаған оқушы жеңіске жетеді.

Ойын құрамына мыналар кіреді:

- Ойын алаңы
- А, В, С деңгейіндегі сұрақ карточкалары
- Ойын фигуралары
- Текшелер
- Фишкалар

Сұрақтар 5 категорияға бөлінген:

Теориялық сұрақтар: оқушылар тақырып/бөлім бойынша теориялық сұрақтарға жауап береді.

Практикалық сұрақтар: реакцияларды жазу, эксперимент өткізу, есеп шығару сияқты тапсырмалар беріледі.

Логикалық сұрақтар: тақырып/бөлім бойынша қиындығы жоғары, логиканы және басқа пәндерден білімдерін қажет ететін сұрақтарды қамтиды.

Химиялық қосылыстар: Осы категорияда қатысушылар формула арқылы атауын немесе атауы арқылы формуланы айтулары керек.

Сөздік: оқушылар терминнің ағылшынша немесе қазақша аудармасын айтулары керек.

Ойын қалай өтеді?

1. Оқушылар жеке немесе топ болып ойнайды.
2. Текшені лақтырып, ойын алаңында алға жылжиды.
3. Таңдалған түске байланысты сұраққа жауап береді.
4. Дұрыс жауап берсе — фишканы алады, қате жауап берсе — фишканы қайтарады.
5. Ең көп фишка жинаған оқушы жеңімпаз атанады.

Бұл қарапайым көрінгенімен, ойын оқушылардың бәсекелестік рухын оятып, сабақта жоғары белсенділік тудырады.

«Science in Motion» – бұл жай ойын емес. Бұл:

- химияны өмірмен байланыстыратын,
- оқушының оқу мотивациясын арттыратын,
- күрделі теорияны қолжетімді ететін,
- ХХІ ғасыр дағдыларын дамытатын заманауи педагогикалық құрал.

тренингтер мен сауалнамалар ұйымдастырылып, білім алушылардың қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар атқарылғаны атап өтілді.

«ДосболLIKE» – білім беру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдер арасындағы жәбірлеудің (буллингтің), кибербуллингтің, қатыгездіктің алдын алу, мейірімді, қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған республикалық бағдарлама.

Бағдарлама міндеттері:

1. Оқушылардың эмоциялық, әлеуметтік тұрақтылығын арттыру;
2. Жәбірлеудің түрлерін (вербалды, физикалық, әлеуметтік, кибербуллинг) түсіндіру;
3. Буллингке жол бермеу дағдыларын қалыптастыру;
4. Құрбандарға қолдау көрсетудің жолдарын үйрету;
5. Мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар арасында ынтымақтастық орнату.

«ДосболLIKE» бағдарламасы – білім беру ұйымындағы қауіпсіз және мейірімді орта қалыптастырудың тиімді құралы. Бұл бағдарлама арқылы оқушылардың бір-біріне деген сыйластығы артып, жәбірлеудің түрлі түрлеріне төзбеушілік көзқарас қалыптасады. Сонымен қатар, ата-аналар мен педагогтер арасындағы ынтымақтастық нығайып, оқушы тұлғасын жан-жақты қолдауға мүмкіндік туады.

Өткізілген іс-шаралар

«Көңілді үзіліс» – «ДосболLIKE» антибуллинг бағдарламасы аясында ұйымдастырылатын, оқушылардың эмоционалдық хал-ахуалын жақсартуға, достық қарым-қатынасты нығайтуға және мектептегі жағымды атмосфераны қалыптастыруға бағытталған қысқа уақыттық ойын-сауық іс-шарасы.

Мақсаты:

балалар арасындағы өзара сыйластық пен қолдауды арттыру;

оқушылар арасында позитивті энергия қалыптастыру;

үзіліс уақытын пайдалы әрі көңілді өткізу.

Іс-шара нәтижесінде:

оқушылардың көңіл-күйі жақсарып, үзіліс уақыты белсенді өтті;

достық атмосферасы қалыптасып, сыныптар арасындағы қарым-қатынас нығайды;

мектеп ішінде қауіпсіз, қолайлы ахуал құруға ықпал етті.

Бағдарлама аясында жүргізілген іс-шаралар білім алушыларға буллинг пен кибербуллингтің зиянын түсіндіруге, құрбандарға қолдау көрсету жолдарын меңгеруге, ал алдын алушы тұлғаларға (педагог, психолог, ата-ана) нақты әрекет ету тәсілдерін ұсынуға мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе, «ДосболLIKE» – тек жәбірлеудің алдын алу емес, достық пен мейірімділікке негізделген мектеп ортасын құруға бағытталған маңызды қадам.

5. Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша аттестациялау рәсімі аясында педагогтер өздерінің кәсіби жетістіктерін, біліктілігін арттыру курстарын, әдістемелік және шығармашылық жұмыстарын жинақтап, белгіленген талаптарға сай құжаттары дайындалды.

«Ұстаз» платформасына құжаттардың жүктелу деңгейі орташа деңгейде. Мұғалімдер тарапынан қажетті құжаттарды кезең-кезеңімен жүктеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Платформаға жүктеу барысында техникалық және ұйымдастырушылық түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылды. Осы орайда аттестациялық комиссия төрайымы оқу ісінің орынбасары Мухаметжанова К.А. сайланды (бұйрық).

Сонымен қатар, мұғалімдер портфолиосының барлық бөлімдері мен талап етілетін пунктерін толық орындап, тиісті құжаттармен дәлелденуде. Портфолио материалдары белгіленген талаптарға сәйкес жүйеленіп, уақытылы толықтырылды.

Келесі кезеңде педагогтердің ПББ жазылу жоспарлануда.

Аттестатталушы педагогдер тізімі:

Педагог – модератор санатына ағылшын тілі мұғалімі Айдарханов А.Н., математика пәні мұғалімі Назибек М.Е., тәрбиеші Досжанова А.К.,

Педагог – сарапшы санатына информатика пәні мұғалімі Караманова Г.М., химия пәні мұғалімі Сағатай А.А., педагог – психолог Рысмаганбетова А.М.

Педагог – зерттеуші және педагог – шебер ұстаздар мемлекеттік қызмет көрсету арқылы құжаттарын аттестатациялау ережелеріне сай жүктеп, тапсырады. Оған педагог – психолог Курмашева А.Н. және ағылшын тілі мұғалімі Кабдушева А.Ж. тапсырады.

6. Күн тәртібінің алтыншы мәселесі жөнінде оқу жылының бірінші жартыжылдығында 11-сынып оқушыларымен жүйелі түрде кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді. Жыл басында сауалнама ұйымдастырылды, оның нәтижелерін слайдтар арқылы көруге болады. Анкеталау нәтижесі бойынша оқушылардың басым бөлігі бастапқыда-ақ болашақ оқу орнын анықтаған. Сонымен қатар мамандық таңдауда күмәнданған немесе нақты шешім қабылдамаған оқушылар да болды.

Өткен жартыжылдықта профильдік пәндерін екі оқушы ауыстырды. Олармен жеке жұмыс жүргізіліп, шешім саналы түрде қабылданды. Қызығушылықтары, қабілеттері және түсу мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылды. Осы кезеңде 11-сынып оқушыларымен жеке және топтық кеңестер өткізілді. Негізгі сұрақтар университеттер, өту балдары, грант мүмкіндіктері және болашақ мансапқа қатысты болды. Кейбір оқушылар түпкілікті шешімді көктемде ҰБТ нәтижесіне қарай қабылдауды жоспарлап отыр.

Кейбір оқушыларда жаратылыстану немесе техникалық бағыттарға бейімділік байқалса, басқаларында гуманитарлық, әлеуметтік немесе басқарушылық салаларға қызығушылық басым. Бұл жағдайда кәсіби бағдар берудің басты мақсаты — оқушыға дайын шешім беру емес, саналы таңдау жасауына бағыт көрсету.

Сонымен қатар 11-сынып оқушыларына Mansap.Kompasu кәсіби бағдарлау платформасында тестілеу жүргізілді. Тест Голландтың RIASEC әдістемесіне негізделген және оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтауға бағытталды. Нәтижелер оқушылардың қай салаға жақын екенін көрсетуге және болашақ кәсіби бағытын саналы түрде жоспарлауына мүмкіндік берді. Тест қорытындылары жеке кеңестер барысында нақты талданып, әрі қарай жұмыс жүргізуге негіз болды.

Саят пен Жанмирге қатысты жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде олар ТЖМ академиясы мен ҰҚК академиясына түсуге нақты шешім қабылдады. Қазіргі таңда құжат тапсыру кезеңдері жоспарланып отыр, олардың кәсіби бағыты айқын қалыптасты деп айтуға болады.

Сонымен қатар шығармашылық емтихан тапсыратын оқушылармен жеке кеңестер өткізілді. Грант жүйесі, қабылдау ерекшеліктері және университеттер туралы толық ақпарат берілді.

Келесі жартыжылдықта 10-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру жұмысын тереңдету жоспарланып отыр. Негізгі мақсат — қызығушылықтары мен қабілеттерін ертерек анықтап, профильдік пәндерді саналы түрде таңдауға жағдай жасау.

Келесі слайдтарда университеттермен жүргізілген жұмыс көрсетіледі. Жоғары оқу орындарының өкілдері мектепке келіп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Слайдта кездесулерден алынған фотоларды көре аласыздар, сондай-ақ QR-код арқылы Instagram желісіндегі жарияланымға өтуге болады.

Біріншісі — ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясы. Кездесу нәтижесінде Саят осы оқу орнына түсу туралы шешім қабылдап, қазіргі таңда құжат жинауға белсенді түрде дайындалып жатыр.

Екіншісі — Maqsut Narikbayev University. Экономика және құқық бағыттары бойынша оқуға ниетті оқушылар бұл университетке жоғары қызығушылық танытты.

Үшіншісі — ҚР ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы. Жанмир осы академияға түсуді жоспарлап отыр, кездесу барысында өзіне қажетті барлық сұрақтарына жауап алды. Ол үшін құжат тапсыру процесі қаңтар айынан басталады.

Төртіншісі — Шоқан Уәлиханов атындағы университет. Бұл университетке де оқушылар тарапынан қызығушылық байқалды, олар мамандықтар, қабылдау шарттары және оқу мүмкіндіктері бойынша сұрақтар қойды.

Іс-шара 2025 жылғы 29 қыркүйекте Жоғары техникалық колледжінде өткізілді. Экскурсияға 9-сынып оқушылары қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты — оқушыларды техникалық мамандықтармен таныстыру, болашақ кәсіби бағытын анықтауға көмектесу және колледжде білім алуға деген қызығушылығын арттыру болды.

Экскурсия барысында оқушылар колледждің оқу кабинеттерін, зертханаларын және мамандық бағыттарын өз көздерімен көріп, оқу процесімен танысты.

Қорытындылай келе, кәсіби бағдарлық экскурсия қойылған мақсатқа толық жетті. Оқушылар техникалық бағыттарға жоғары қызығушылық танытып, орта арнаулы білім берудің артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы толық мәлімет алды.

Кәсіби бағдар беру жұмыстары мектеп ішінде де жүйелі түрде жалғастырылды. Осы бағытта тренингтер, кәсіби ойындар және дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

8 қазанда 11 «А» және 11 «Ә» сынып оқушыларына арналған «Мамандық әлемі: кеше, бүгін, ертең» атты тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар мамандықтардың даму эволюциясымен, қазіргі еңбек нарығындағы өзгерістермен және болашақта сұранысқа ие болатын жаңа мамандықтармен танысты. Іс-шара оқушыларды өз болашағы туралы ойлануға және мамандықты саналы түрде таңдауға бағыттады.

10 қазанда 9-сынып оқушылары арасында «Мамандықтар лабиринті» атты кәсіби ойын өткізілді. Ойын форматы арқылы оқушылар түрлі мамандықтармен танысып, өз қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтады. Бұл формат оқушылардың белсенділігін арттырып, кәсіби ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

15 қазанда 9-сынып оқушыларына арналған «Колледж бен университет: артықшылықтары мен мүмкіндіктері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Пікірталас барысында оқушылар колледж бен университеттің ерекшеліктерін салыстырып, әр білім беру жолының артықшылықтарын талдады. Нәтижесінде оқушылардың болашақ білім алу бағытын таңдаудағы түсінігі кеңейді.

10 желтоқсанда 9-сынып оқушылары арасында «Мамандықты дұрыс таңдай білу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар мамандық таңдаудың маңыздылығын, өз қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеру қажеттігін талқылады. Сонымен қатар еңбек нарығындағы сұранысқа ие бағыттар мен қазіргі кәсіби трендтер туралы ақпарат берілді. Практикалық бөлімде оқушылар өз болашағына қатысты ойларын ортаға салып, саналы таңдау жасауға бағытталды.

4 желтоқсанда 9-сынып оқушылары арасында «Мен мамандықты таңдаймын» атты презентация байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар таңдаған мамандықтары бойынша өз ойларын еркін жеткізіп, болашақ жоспарларымен бөлісті. Байқау оқушылардың кәсіби қызығушылығын арттырып, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

9 қазанда 11-сынып оқушыларына арналған ҰБТ бойынша ақпараттандыру жұмысы жүргізілді. Іс-шара барысында тестілеудің құрылымы, пәндерді таңдау тәртібі, өткізілу кезеңдері және жаңа өзгерістер түсіндірілді. Сонымен қатар тиімді дайындық әдістері мен психологиялық дайындықтың маңыздылығы айтылды. Бұл оқушылардың емтиханға деген сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

10 желтоқсанда 11-сынып оқушыларына арналған «Шетелдік университеттер туралы ақпараттандыру» іс-шарасы өткізілді. Оқушылар шетелдік жоғары оқу орындары, қабылдау талаптары, гранттар, халықаралық емтихандар және құжат тапсыру тәртібі туралы толық ақпарат алды. Іс-шара оқушылардың болашақ оқу бағытын жоспарлауға қызығушылығын арттырды.

Жалпы алғанда, оқу жылының бірінші жартыжылдығында жүргізілген кәсіби бағдар беру жұмыстары жүйелі әрі нәтижелі болды. Оқушылардың басым бөлігінде болашақ оқу бағытына қатысты түсінік қалыптасты, ал шешім қабылдауда күмәнданған оқушыларға нақты бағыт-бағдар берілді.

Өткізілген тренингтер, дөңгелек үстелдер, кәсіби ойындар, байқаулар, университеттермен және колледждермен ұйымдастырылған кездесулер оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын айқындауға, саналы таңдау жасауына және өз болашағына жауапкершілікпен қарауына ықпал етті.

Кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі нәтижесі — оқушыларға дайын шешім ұсыну емес, олардың өз мүмкіндіктерін түсініп, болашаққа қатысты нақты әрі негізделген шешім қабылдауына жағдай жасау болды. Алдағы кезеңде бұл жұмыс жоспарлы түрде жалғасын табады.

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының
2025-2026 оқу жылының №3 педагогикалық кеңес отырысының ШЕШІМІ:**

1. №2 педагогикалық кеңес отырысының қаулысының 6 және 8 баптарының орындалуы келесі отырыста қаралсын.
2. II оқу тоқсандағы білім сапасы төмен пәндері бақылауға алынсын – жауапты Мухаметжанова К.А.
3. Бір пәннен «3» –ке, «4»-ке шыққан оқушылармен пән мұғалімдері жұмыс жасасын – Мухаметжанова К.А.

4. Үш пәннен «3» –ке және оданда көп қанағаттанарлық бағамен қорытындыға шыққан оқушылардың ата-аналарына пән мұғалімдері педагогикалық консилиум өткізілсін және ата-аналарына ескерту хат берілсін – Мухаметжанова К.А.
5. II тоқсан бойынша оқушылардың байқаулар мен олимпиадалардағы нәтижелері қанағаттанарлық деп есептелінсін. Алдағы уақытта олимпиадалар мен байқауларға мақсатты дайындап, республикалық деңгейге шығарылсын. Олимпиадалық кестесіне сай дайындық күшейтілсін – Торсунова Б.Р., пән мұғалімдері.
6. Аттестаттаудан өтетін педагогтардың кәсіби жетілу жолында жинаған тәжірибе, ізденіс, нәтижелері бойынша «Ұстаз» платформасына қажетті құжаттарды кезең-кезеңімен уақытылы жүктелсін.
7. «ДосболLIKE» антибуллинг бағдарламасы аясында ұйымдастырылған, оқушылардың эмоционалдық хал-ахуалын жақсартуға, достық қарым-қатынасты нығайтуға және мектептегі жағымды атмосфераны қалыптастыруға бағытталған ойын-сауық іс-шаралары жақсы деңгейде өткізіледі, «қанағаттарлық» деп саналсын.
8. Аттестаттаудан өтетін педагогтар «Ұстаз» платформасына қажетті құжаттарды кезең-кезеңімен уақытылы жүктелсін.
9. Кәсіптік бағдар бойынша өткізілген іс-шаралар, университеттер және колледждермен ұйымдастырылған кездесулер оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын айқындауға, саналы таңдау жасауына және өз болашағына жауапкершілікпен қарауына ықпал етті, «қанағаттарлық» деп саналсын. Мектеп түлектерімен кәсіптік бағдар жұмысы жалғастырылсын.

Төрайымы:

А.Курмашева

Хатшы:

А.Бердалиева

